

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 109-112.

ӘОЖ: 811.512.1'373.2

## ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ «КӘРІ-ЖАС» БЕЙНЕСІ

*Егенберді М.Е., педагогика ғылымдарының магистрі  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*

Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді ойды әсерлі, бейнелі түрде жеткізудің негізгі құралы десек қателеспейміз. Себебі өмір тәжірибесіндегі кез келген шындық мақсатына қарай кейде жеңіл, өткінші дүние ретінде берілсе, кейде фаталды, қиын, салдары ауыр дүние ретінде беріледі. Ал мұның сыры тереңде жатыр. Бұған халықтың тұрмыс-салты, әлеуметтік жағдайы, өмірлік тәжірибесі т.б. әсер етеді. Паремияны – өмірдің жинақталған тәжірибесінің ықшамдалған түрі десек, әрине, ол уақыт өте келе толығып, үстемелік мәнге ие болады.

Тұрақты сөз тіркестері мақал-мәтелдерге қарағанда көлемі қысқа болып келеді де ой аяқталмайды; етістікті және есімді тұрақты сөз тіркестері өздерінің жасалу тәсілінде тілдің ішкі заңдылықтарына сүйенеді. В.А. Маслова келесі пікірді береді: «Нақты кез келген фразеологизмде тұтас бір миф емес, мифологема жатыр. Мифологема – бұл мифтегі маңызды кейіпкер немесе оқиға, бір мифтен келесіге ауысып отыратын «басты кейіпкер». Мифтің негізінде архетип болады [1]. Архетип терминін ең алғаш «Инстинкт және санасыздық» (1919 ж.) мақаласында Швейцария психологы К.Г. Юнг енгізген. Оның пікірінше, архетип дегеніміз – «ұжымдық санасыздық» жеке адамның санасыздығымен қатар «ұжымдық санасыздықтың» неғұрлым терең қабаттары болады, онда «бастапқы» психикалық құрылымдар (архетиптер) түрінде адамзаттың ең ежелгі тәжірибесі сақталады, ол дүниені қабылдау мен ой елегінен өткізуге тәжірибеге дейінгі білімге (априорилік) сүйенген әзірлікті қамтамасыз етеді [2].

Сонымен, «ұжымдық санасыздық» – адамдардың саналы өмір тәжірибесі арқылы емес, оларға ата-бабасынан мұра ретінде жеткен жеміс. Генетикалық теория негізінде К.Г. Юнг архетип пен мифологияның тығыз байланысын көрсетіп, мифология – архетиптер сақталатын орын дейді [2]. Халық санасында шығу көзі белгісіз, код ретінде дайын күйінде қолданылатын архетип – фразеологизмдер негізінде мифтік түсінік жатыр.

Кез келген тіл өз бірліктерінде әлемнің көрегендік (болжағыштық) бейнесінің ізін сақтаған [3]. Мәселен, «*Жаман қой ісегінде қартайды*» [4] мақалында еркек қойдың күші кетіп, ет жинап, тек союға жараған кезі, сондықтан ол «қартайған» деп есептеледі. Мұнда хайуандар әлемінде ғана орын алатын «таза табиғи сұрып» негізінде жыртқыштар жемтігін (әлсіз, ауру аңдарды аулау) іздейтінді еске салады, яғни «бастапқы табиғи жабайы сана» сақталған.

Мақал-мәтелдерді тақырыптық тұрғыдан зерттеу кез келген тілде кездеседі. Мақал-мәтелдерді гендер тұрғысынан талдау [5], бірнеше тілдік жүйедегі семиологиялық табиғатын салыстыра зерттеулер [6, 7] орын алғанымен, төрт түлік негізіндегі мақал-мәтелдердегі «кәрілік/жастық» тақырып аясында зерттеулер жоқ десе де болады. Алайда жалпы мақал-мәтелдерді зерттеуде зоонимдерге қатысты пікірлер кездеседі: «Зоонимдік компонентті паремиялық бірліктерді лингвомәдени тұрғыдан талдау тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, халықтың өмірге деген көзқарасын, оның танымын, құндылығын мақал-мәтел құрамындағы зоонимдердің жеткізудегі қызметін анықтауда маңызды, себебі

зоонимдер әр халыққа тән әрі оның адамға тән жағымды және жағымсыз сипатын айқындайды» [8].

Қарастырып отырған материалдар талдауы лингвистикалық әдістер мен тәсілдер кешенінде жүзеге асады. Жиналған фактілерді жүйелеу әрі логикалық тұрғыдан түсіну, осыған байланысты нақты заңдылықтарын айқындау мақсатында дескриптивті әдіс қолданылды. Зерттеудің прагматикалық бағыты адамның таным қызметінің өнімі ретіндегі жұмсалымды-прагматикалық талдауды пайдалануды қарастырған. Ретроспективті әдіс арқылы мақал-мәтелдерде жинақталған тарихи-әлеуметтік дерек анықталады, мақал-мәтелдердің мағынасын нақты түсіну үшін интроспекция әдісі қолданды.

Адамның жасы біздің өміріміздің биологиялық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, мәдени т.б. аспектілерінде маңызды. Адамның жас мөлшерінің ерекшеліктері тек «кәрі-жас» антитезасында айқын көрінеді. Ал ол адам өмірінің жинақталған тәжірибесі – мақал-мәтел негізінде анықталатын болса және қазақи өмірдің о бастағы күнкөріс негізі – түлікке байланысты мақал-мәтел арқылы айқындалса, адамның жас ерекшелігінің қыр-сыры толық ашылуына себеп болады. Бұл туралы ғалымдар да пікір білдірген: «Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні мен дәйектемелік-дәлелдемелік мәні әлеуметтік өмірдің, жалпы қоғамның тұтас жүйесіне қатысты айқындалады» [6].

Адам жас кезінде көптеген «жеңістерге» ұмтылады, алайды ол тәжірибе жоқтығынан «жеңілістерге» соқтығуы мүмкін. Осы кезде мақал-мәтелдердегі ғасырлар бойы жиналған биологиялық, әлеуметтік, экономикалық ақпарат келер ұрпаққа сабақ болар тәжірибе береді. Мақал-мәтелдегі осы ақпаратты ашуда эксплицитті және имплицитті мағынасын білу маңызды, ол үшін оған сана, байып керек. Бұл жөнінде ғалымдардың пікірі бір: «Мақал мазмұнындағы тұжырымдамалық ақпарат негізінен екі түрлі жолмен беріледі: 1) ойды тайға таңба басқан дай ашық әрі айқын жеткізу, паремиологиялық мағынаның эксплицитті болуы; 2) ойды астарлап, бейнелеп жеткізу, яғни паремиологиялық мағынаның имплицитті болуы» [6].

Төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдердің эксплицитті және имплицитті мәндегі ақпаратты жас ерекшелігін ашу үшін шартты түрде мынадай таптастырамыз.

*Тұрмыс (ауыр, күнделікті):*

«*Ісек қойдың басы үлкен, саулық қойдың жасы үлкен*» [4] мақалында қазақ халқының күнделікті тұрмысы көрсетілген, себебі ісек қойды союға бақса, саулық қойды мал басын көбейтуге бағады. Саулық – екі немесе үш жасар, қоздайтын ұрғашы қой [9]. Ісек – екі жастан асқан еркек қой [10]. Эксплицитті мағынасы: ісек қойдың қайраты кеткендіктен оны союға бағады, саулық қой қоздап, төл, сүт беретіндіктен ұзағырақ жасайды. Имплицитті мағынасы: әркім (әр нәрсе) қажеттілігіне қарай пайдалы. «*Саулықтың жасы үлкен, ісектің басы үлкен*» мақалы алдыңғы мақалмен мәндес, тек компоненттердің орны ауысқан. Мұнда *саулық, ісек, жас* лексемаларының мағынасы санада өзектіленіп, мақалдың біртұтас мағынасы ұйыстыруға қатысып тұрғандықтан компоненттердің орны өзгеруі мақалдың берер мәніне аса ықпал етіп тұрған жоқ.

«*Атан түйе жүк астында қартаяр*» [11] мақалы да ауыр, күнделікті тұрмысқа байланысты. Эксплицитті мағынасы: атан түйені жүк тасу үшін тұрмыста пайдаланады. Имплицитті мағынасы: күнделікті ауыр бейнеттің құрбаны болу.

«*Түйе тұз деп қартаяды, жігіт қыз деп қартаяды*» [4] мақалында эксплицитті мағына: түйе малының аса бір ерекшелігі – тұзға құмарлығы жайында айтылады, сондықтан да түйеге қысы-жазы шектемей тұз берілуі керек. Үйленер жігіт қалыңдық іздеп қызға келері анық. Имплицитті мағынасы: әр нәрсенің өз таңсығы бар.

*Биологиялық (ағзаның әлсіреуі/әлсіремеуі):*

«*Түйе тайғақ келеді, табанынан мөр кетсе, Кәрі тайғақ келеді, екі көзден нұр кетсе*» [4] мақалының эксплицитті мағынасы: түйе жүк тасу құралы болғандықтан, оның табанының мықты болуы маңызды, адам үшін әлемді көріп, сүйсіну үшін көзі маңызды.

Имплицитті мағынасы: адамның жақсы өмір сүруі үшін маңызды нәрсенің әлсіреуі қиындық туығызады.

«Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды» [11] мақалында эксплицитті мағына: бұқа мұрнының әркез сулы болып тұру ерекшелігі. Имплицитті мағынасы: еш өзгеріссіз сақталу.

«Кәрі қойдың басы піскенше Тоқты қойдың басының арасы шығар» [11] мақалында эксплицитті мағына: кәрі қой еті қатты болады әрі тез пісе қоймайды, ал жас малдың еті жұмсақ, әрі тез піседі. Имплицитті мағынасы: кәрі адам тәжірибелі, шыныққан әрі төзімді келеді, ал жас адам әлжуаз, тәжірибесіз, шыдамсыз болады.

«Қартайғанда кәрі боз жорға шығады» [4] мақалында эксплицитті мағына: жорға бәйге атындай шаппайды, тек аяң, баппен жорғалайтын болғандықтан, кәрі болса да жорғалап, жетер жерге жетуге болады. Имплицитті мағынасы: Кәрі боздан қартайғанда жорға шығады.

*Мақтаншақтық (опық жеу):*

«Кәрі атын мақтаған жолда қалар» [4] мақалында эксплицитті мағына: жолда әр түрлі жағдай орын алуы мүмкін, кәрі атын асыра мақтап, жетер жеріне жете алмай қалуы мүмкін. Имплицитті мағынасы: мақтаншақтық опық жегізуі мүмкін.

«Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болар» [11] мақалында эксплицитті мағына: кәрі түйенің құтыруынан, маңындағылар таптап, шайнауынан жапа шегу мүмкін. Имплицитті мағынасы: тірлігі ерсі көрінбеуі үшін жасына сәйкес әрекет жасауы керек.

*Тектілік (түбі, ақыл тоқтату):*

«Кемеліне келген, кәрі тор атты мінген» [11] мақалында эксплицитті мағына: байлыққа да, билікке де қол жеткізген, кемеліне келген адам өзінің серігі – кәрі торы атқа мінген. Имплицитті мағынасы: төрт құбыласы тең.

1-кесте – Төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдердегі «Кәрі» ерекшелігін анықтаудың межелік тұрпаты

| № | Кәрілік – тұрпат | Мақал-мәтел   |
|---|------------------|---|
| 1 | денсаулық        |   |
| 2 | тұрмыс           | Бие кәрі, құлын жас, келер жолы қолың бос; Кәрі адамның бабы қиын, Кәрі малдың бағымы қиын; Әкең қартайса, малшыға, Шешен қартайса, жалшыға жарисың   |
| 3 | тектілік         | Жақсы кісі қартайса да, ақылынан азбас, Жақсы ат қартайса да, жүрісінен танбас  |
| 4 | ерсілік          | Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болады; Ат қартайса, сүріншек, Ер қартайса, жаңылшақ   |
| 5 | әлсіздік         | Кәрі ат қар бұзбайды, Қарт адам сөз бұзбайды; Қарсы келсе кәрілік, Қара нарды шөктіреді; Табаннан мөр кетсе, түйе тайғақ, Екі көзден нұр кетсе, кәрі тайғақ; Қара арғымақ қартайса, Қарға адым жер мұң болар. Қара көзден нұр тайса, Бір көруге мұң болар |
| 6 | өткінші өмір     | Ат қызығы арығанша, адам қызығы қарығанша; Ер қызығы кәрігенше, Ат қызығы арығанша; Кәрілік келсе, сән кетеді, Кедейлік келсе, мал кетеді   |
| 7 | амалсыздық       | Кәрі қыз ер таңдамайды, Кәрі бие желі таңдамайды  |

«Кәрі» лексикалық бірлігі қой (8), ешкі (1), сиыр (0), бұқа (1), саулық (2), атан (6), түйе (5), ат (11), бие (3) түлік түрлерімен мақал-мәтелдерде тіркесте берілген.

2-кесте – Төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдердегі «Жас» ерекшелігін анықтаудың межелік тұрпаты

| № | Жастық - тұрпат | Мақал-мәтел |
|---|-----------------|-------------|
|---|-----------------|-------------|

|   |           |  |
|---|-----------|--|
| 1 | Желік     | Жас қымыздың қызуы түске дейін, Желігі кешке дейін                                       |
| 2 | Ақыл      | Ақыл – жас ұланнан, Жүйрік тай –құлыннан   |
| 3 | кезегімен | Арпа берсең, атқа бер, Күтір-күтір шайнасын. Қызды берсең, жасқа бер, Құшақтасып ойнасын |
| 4 | жомарттық | Атты мінсең, бесті мін, Тасты аямай басады, Қонақ болсаң, жасқа қон, Етті аямай асады    |

«Жас» лексикалық бірлігі тай (2), ат (4) түлік түрлерімен мақал-мәтелдерде тіркесте берілген.

Төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдердегі жас ерекшелікті анықтау барысында «кәрі» лексемалық бірлік «жас» ерекшелікке қарағанда көбірек қолданылатыны айқындалды. Сонымен бірге, қазақ тіліндегі паремикорда жас адам жалынымен, күшімен, ертеңгі күніне еркін қараумен ерекшеленсе, кәрі адам тәжірибесімен, болжалдығымен, ақылмен ерекшеленетіні анықталды.

Мақала ҚР ҒЖБМ қаржыландырып отырған «AP14871055 Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік» концептінің өрісі» ғылыми жобасы аясында орындалды.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Маслова, ВА. (1997). *Введение в лингвокультурологию*. М.: 211.
- 2 *Философиялық сөздік*. (1996). Алматы, 317.
- 3 Кусков, ВВ. 1989). *История древнерусской литературы*. – М.: Высш. школа, 304.
- 4 Смайлова, АТ. (2006). *Қазақтың мақал-мәтелдері*. Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 296.
- 5 Жумашева, КБ, Шоқым, ГТ. (2022). Гендерлік метафора – әлемнің тілдік бейнесіндегі құнды көрсеткіштерді бағалау құралы. *Қарағанды университетінің Хабаршысы, Филология сериясы*, 2 (106), 67-73.
- 6 Ескеева, МҚ, Қосыбаев, ММ. (2022). Қазақ, қырғыз және қарақалпақ мақал-мәтелдерінің семиологиялық табиғаты. *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 4(141), 24-34.
- 7 Кенжалин, ҚК, Ермекбаева, МА. (2022). Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің лексика-семантикалық сипаты. *Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы*, 4(108), 99-105.
- 8 Madzhidova, RU. (2019). *Paremiologically units as a superior colophon on the formation of the linguistic representation. American Journal of Research*, 46-56.
- 9 *Қазақ әдеби тілінің сөздігі*. (2011). Он бес томдық. 13- том. Алматы, 752.
- 10 *Қазақ әдеби тілінің сөздігі*. (2011). Он бес томдық. 15- том. Алматы, 828.
- 11 *Бабалар сөзі: Жүзтомдық*. (2011). Астана: «Фолиант», 67 Қазақ мақал-мәтелдері (Қытай қазақтарының мақал- мәтелдері). 464.